

Жақсыбайкөл негізгі мектебінің
«Дебат жастар» клубы үйірмесінің

Талдауы

Жақсыбайкөл негізгі мектебінде 2023-2024 оқу жылында дебат клубы құрылып, жоспары жасалып бекітілді. Үйірмеге 15 оқушы қабылданып, тізімге алынды. Дебат клубының негізгі мақсаты: мектептегі дебат қозғалысы бағыттарын идеологиясын қазақстандық оқушыларды қазіргі заман қоғам мен мемлекет өміріне табысты әлеуметтік және интеграциялау, жоғары адамгершілік-рухани, көп мәдениеттік жалпы құндылықтары мен патриоттығы негізінде азаматтық қалыптасу біріңғай жүйе ретінде анықтау. Қоғам санасында балалар мен жастардың бейнесін қоғамның белсенді бөлігі ретінде нығайту.


Жалпы жылдың басынан бастап, жоспарға сай іс-шаралар жүргізіліп, келген қатынастармен мектепшілік дебат турнирлер болып өтті. Атап айтар болсақ. Қыркүйек айында «Төрт тоқсан-төрт өнер», «I тоқсан ақындар айтысы» сайысы бөлімінің іс-шаралар жоспарына сай ұшқыр ой дебат клубының кіші топтар арасында «Жаңа Қазақстандағы ақындар айтысының дамуы» тақырыбында пікірталас болып өтті. Мақсаты: Оқушыларға айтыс өнерін қазақ халқымен егіз ұғым кенін түсіндіре отырып, айтыс майталмандарын ұмытпай, ұлықтауға тәрбиелеу.

Қазан айында «Балаларға қатысты зорлық-зомбылық және қатігездік мәселелері» тақырыбындағы дебат болып өтті. Пікірсайысқа кіші топтан «Айқын» және «Шабьт» фракциялары қатынасып, Айқын фракциясы жеңіске жетті. Сонымен қатар қазан айында 25 қазан Республика күніне орай «Тұғыры биік Тәуелсіз Қазақстан» тақырыбында ұшқыр ой дебат клубында үлкен топтар арасында пікірсайыс болып «ЖасSTAR» фракциясы жеңіске жетті. Желтоқсан айында аудандық білім бөлімінің ұйымдастыруме өткен «Ең үздік көшбасшы

2023» дебат жетекшілері арасындағы іріктеу кезеңіне қатынасып «Алғыс хатпен» марапатталды.

Ақпан айында «Заңды білу-заман талабы» құқық апатлығының жоспарына сай «Біздің танауымыз заңды мемлекет» тақырыбында пікірсайыс болып өтті. Сайысқа «Шабыт» және «ЖасSTAR» фракциялары қатынасып, алғыс хатпен марапатталды. наурыз айында 8 наурыз Халықаралық әйелдер күніне орай апталық жоспарына сәйкес «Қазіргі қоғамдағы әйелдер» тақырыбында пікірсайыс болып өтті. Мақсаты: Әйел затының қоғамдағы ерекшелігі мен олардың нәзіктігін, әйел-ана екендігін түсіндіру.

2023-2024 оқу жылындағы жоспарға сай жұмыстар уақытылы жүргізілуде



Үйірме жетекшісі: Төлеген Байқуатов